Түркістан облысы

Шардара ауданы

# *Оқушы білімін әділ бағалау*

Сканировано с CamScanner

«Балаға күштеп білім беруден гөрі,
баланың білімге деген құштарлығын ояту
–ең маңызды мақсат»
К.Д.Ушинский

Оқушыны обьективті түрде қалай бағалау керек? Бағалау оқыту қорытындысын шығару үшін қалай әсер етеді? Не маңызды: оқушының мұғаліммен жұмысын бағалау ма немесе оқушы өзін бағалауы ма? Мұғалімнің не істеуі керектігін айтқаны ма, әлде оқушы өз қатесін өзі тауып, шешу және алдағы кезде қателік жібермеуге үйрету ме? Оқушы үшін не маңызды: сабақта өз жұмысына өзі анализ жасау ма немесе артық жаттығу орындау ма сұрағына жауап беріледі. «Баға» оқушының кемшіліктерін табу үшін емес, келешекте дамуына ықпал ету үшін қойылады. Бағалау барысында бала мақтағанды қалайды және соған лайық болуға тырысатыны белгілі. Сондықтан баланы мақтау арқылы жұмысының дұрыстығына тоқталып, соңынан қате кеткен тұстарына ұсыныс жасау барысында оқушыға жеткізіп отырсақ, онда сабаққа деген құлшыныстары арта түсетіндігін анықтадық.

Мектепте бірдей бағалау критерийі жоқ. Әр мұғалім критерийді оқу пәнінің мазмұны мен стандарт талаптарына сәйкес өздері құрастырады. Мұғалімдер көп жағдайда оқушыны дәстүрлі бағалайды, сондықтан оқушының мектептегі бағасы өмірде қаншалықты рөлі бары екендігін ойландырады.

Мақсаты:

- бағалаудың мәні,себептері және түрлерімен таныстыру.
- бағалаудың түрлерін ажырата отырып, практикада қолдануына қолдау көрсету.
- оқыту үшін бағалаудың оқушының оқуға деген ынтасына әсерін анықтап,талдау.
- бағалаудың критерийлері мен түрлерін қолдану.
- оқушыларды өзін-өзі бағалауға, объективті бағалауға, өзара бағалауға дағдыландыру.

Міндеттер:

- бағалаудың түрлерін (қалыптастырушы ,жиынтық,) анықтау;
- бағалаудың білім сапасына тигізетін оң әсерін анықтау;
- оқытудың қиындықтарын анықтау;
- стандарты бақылау және орындау, оқыту бағдарламасының мазмұнын, білім беру стилін бақылау;
- бағалаудың тиімді тәсілдерін, стратегияларын қарастырып, қолдану.

Бастауыш білім беретін орта мектептерде бағалаудың элементтері енгізілуде, соның ішінде критерий арқылы формативті бағалау жақсы енгізілуде. Біз бағалаусыз оқу үдерісін елестете алмаймыз. Бағалау

Сканировано с CamScanner

болмаса, білімді меңгеру де болмас еді. Баға оқушыны білім алуға ынталандыратын құрал, өмірге дайындауға көмектесетін құрал.

Білім сапасын көтерудің бір үлкен көрсеткіші – бағалау. Бағалаудың белгілі екі түрі бәрімізге аян. Ол – оқушыны бағалау және оқушының өзін-өзі бағалауы. Бұл бағалаудың білім сапасын көтеруде мәні өте зор

Бағалау-одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жинықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин.

«Бағалау» термині «жақын отыру» латын тіліндегі мағынада бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады

«Баға» оқушының кемшіліктерін табу үшін емес, келешекте дамуына ықпал ету үшін қойылады. Бағалау оқушылардың ойлау қабілетін дамытады және өзін-өзі бағалауы жақсарады

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына апаратын күш тек білімде ғана. Қазіргі кезеңде егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыталуда.

Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі–оқытудың әдіс–тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Бүгінгі оқыту жүйесінде әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Бұлар оқушының жеке қасиетін аша отырып, оқушының танымдық күшін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасайды. Ұстаз болу үшін ең басты мәселе–оқыту әдісін дұрыстаңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты рол атқарады. Қазіргі кезде білім мен техниканың даму деңгейі әр бір оқушыға саналы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. *Оқушы тақырыпты қаншалықты деңгейде меңгергенін ұғады. Егер білімді тексермесе, онда оқушы өз білімін терең, жан-жақты және дұрыс бағалай алмайды. Оқушы баға алған соң өзінің мектептегі, үйдегі жұмыстарын жетілдіруге, жақсы сапаларын дамытуға, білім, іскерлік, дағдыларындағы кемшіліктерді жоюға мүмкіндік алады.*

*Білім, іскерлік және дағдыларды тексеру және бағалау тәрбиеге де ықпал етеді. Оқушылардың өз оқулары, табысы, сәтсіздіктері туралы ой-пікірлері қалыптасып, қиындықты жеңуге ұмтылады. Баға оқушының өзі туралы ойына қозғау салады.*

*Білімді тексеру және бағалаудың мемлекеттік маңызы бар. Мектептің, мұғалімдер ұжымының жұмысын білімді басқару органдары оқушылардың үлгеріміне қарап бағалайды. Мектеп әкімшілігі, қалалық, аудандық, облыстық білім беру ісін басқару органдары, Білім және ғылым министрлігі оқушылардың білімдерінің сапасын, мектеп және*

Сканировано с CamScanner

*мұғалімдердің жұмысының жетістіктерін және кемшіліктерін білу үшін бақылау және тексеру жұмыстарын береді*

**Қазіргі бағалау түрлі нысанда,түсінікті,психологиялық тұрғыдан жайлы, екі құрамды : жиынтық және формативті болуы керек.**

**Формативті бағалау:**

- **Күнделікті тәжірибеде қолданылады(сабақ сайын, күнбе күн);**
- **Алға басуды қамтамасыз ететін кері байланыс;**
- **Оқушыға да, мұғалімге де қолайлы бағалау формасы;**
- **Мұғалімге сыныптың үлгерімін қадағалауға көмектеседі;**
- **формативті бағалау қалыптастырушы, ынталандырушы функцияларды атқарады**

**Суммативті бағалау:**

- **Бірнеше уақыттан кейінгі оқу нәтижесін көрсететін суммативті немесе қортынды бағалау (емтихан, қортынды тест, білім кесіндісі т.б)**
- **Формасы мен бағалау әдісін мұғалім айқындайды**

**Суммативті бағалау – бұл өлшеу үрдісі, бірақ ол өзімен өзі өсімдіктің өсуіне әсер етпейді**
**Формативті бағалау нәтиженің дамуы мен өсуіне тікелей әсер ететін үрдіс**
**Сондықтан формативті бағалау оқыту мен оқудың маңызды факторларының бірі**

**Формативті бағалаудың шарттары**

- **Оқушылардың оқу мақсатын білуі мен түсінуі**
- **Оқушылар мен тиімді керібайланыс**
- **Өздерінің тану үрдісіне белсенді қатысуы**
- **Оқушылардың бағалау өлшемдерін білуі мен түсінуі**
- **Оқушылардың өз жұмыстарын талдай алуы және талдау мүмкіндіктің болуы (рефлексия)**
- **Бағалау қортындылардың негізінде оқыту амалдарын түзету**

Сканировано с CamScanner

## №2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектепте жас мамандармен кеңес өткізу сәтінен көріністер





Сканировано с CamScanner

Түркістан облысы

Шардара ауданы

# *Педагогтік әдеп және ұстаздық шеберлік*

Сканировано с CamScanner

### Ұстаздарға жадынама

1.Мұғалімнің биік те, абзал атына лайық болыңыздар.Жеке адам ретінде қалыптасу жолында жеке ұстаздардан тәлім алғаныңызды ұмытпаңыздар. Сіздердің Отанға адал қызмет етулеріңіз, сіздердің еңбекке деген көзқарастарыңыз, сіздердің азаматтық батылдықтарыңыз және сіздердің адамдар арасындағы тәртіптеріңіз өздеріңізден тәлім алатындарға мұра боп қалатындай болсын!

2.Білімгерлерді сыйлаңыздар . Олардың ар – намысын қорғап, дамытып отырыңыздар.Бойында ар – намыстың дамуымен қоса жақсы қасиеттер өріс алады.Ар – намысты сақтаңыздар.Ар – намысын сақтай білмеген ұстаз, тәлім – тәрбие бере алмайды.

3.Өз артықшылықтарыңызды баса көрсетпеңіздер.Олар сіздердің мұғалім, тәлімгер, сіздердің үлкен, тәжірибелі және өздеріне қарағанда көп праволы не екендеріңізді ұмытпайды, бірақ ол туралы жиі ескерте бергенді ұнатпайды. Сіздердің білімгермен өзара қарым – қатынастарыңызда аралық шек

**"Жүрек жылуы ойыны"**
Қағаздан қиылған жүрек суреттеріне жүрек жарды тілектер жазу.

**"Комплемент айту"**
4.Білімгерлер мен қарым – қатынаста тактикаларыңызды олардың жасы, рухани өсуіне байланысты өзгертіп отырыңыздар. Оны жаңа тактикалық тәсіл және әдістеріңмен байыта түсіңіздер.Тактикаларыңыз икемді болсын,көзге ұрып тұратындай көрнекі болмасын.Тәрбиелеу әдістерінде де оқыту әдістеріндегі сияқты талап қою жоғары дәрежеде болсын.Тым тіке бетке айтудан, ақылгөйліктен аулақ болыңыздар, одан кінәратсыз кеңес, ескерту әлде қайда өтімді.

5.Педагогикалық көтермелеуді барынша кең пайдаланыңыздар, бірақ мақтауға жомарттау, жазалауға сараңдау болыңыздар. Жазаның әсер етерліктей болуын бақылаңыздар. Қас – қабақтарыңызбен, көзқарасыңызбен, үнсіз қимыл – қозғалыстарыңызбен басқаруды үйреніңіздер.

6.Үн қатысу, сөйлесу мәдениетін игеріңіздер, айқайдан алыс жүріңіздер.

9.Педагогикалық тұрғыдан алғанда ол қаншалықты бетімен кеткен болса да, білімгерді мақтауға сылтау іздеңіздер.Егер білімгер өзі мұндай сылтауға мүмкіндік бермесе, оны өзіңіз табыңыз. Орынды мақтау – ондаған ескертулерден пайдалы.

Сканировано с CamScanner

**10.** Тұтас топпен тіл табысу белгілі бір дәрежеде сіздің әр біліммерімен жеке тіл табысуыңызға байланысты.Олармен оңаша болуға, мектептен бірге қайтуға, көшеде, паркте, стадионда бейне ойламаған жерден жолыққандай кездесуге уақыт табыңыздар. Егер сіз әлеп сақтасаңыз, не болса соған ілінісесеңіз, ақылгөй болмасаңыз, онда бүкіл білімгерлермен жақындаса түсесіз.

**11.** Білімгерлің ата – аналарын қуанышқа бөлеңіздер.Өз білімгеріңізді көп жамандамаңыздар. Балалары туралы ата – аналарына көп шағынсаңыздар, олар балаларын қорғаштайды, қайшы шаралар қолданады.Оның үстіне басқабіреудің әрекетімен орнаған тәртіп тиімсіз болады.

**12.** Өз білімгерлеріңіздің сенімін ақтаңыздар.Бұл сенім – білімгермен қарым – қатынастарыңыздың ұшар шыңы, олардың жан дүниесіне енер жол.Бір білімгердің, сенімін ақтамасаңыз бүкіл топ сенімінен айырылуыңыз мүмкін.

Сканировано с CamScanner

## Педагогтық әдеп және ұстаздық шеберлік.

**Мақсаты:** оқу – тәрбие жұмыс барысында оқытушылар мен білімгерлер арасында адамгершілікпен әдептілікке тәрбиелеу әдіс – тәсілдерін үйрету.

Мұғалім тек өз пәнінен сабақ беріп қана қоймауы керек, сонымен қатар тәрбиеші және адал, әділеттілігіның адам болуға тиіс.***К.Д.Ушинский***

**Педагогикалық сұрақтар:**

1.Әдеп дегеніміз не?
2.Педагогтық әдеп және оны меңгеру жолдары
3.Сіз оқушылармен әңгімелесесіз бе?
4.Әдептен озбайық
5.Педагогтық талантты қалай түсінесіз?
6.Педагогтық шеберлік неден басталады?
7.Шәкіртсіз ұстаз тұл.

Әдеп – белгілі бір халықтың қалыптасқан этикалық тәртібі. Педагогикалық әдеп – оқытушының аса бағалы педагогтық қасиеті, бұл қасиет оған педагогикалық әсер ету құралдарын қолданған кезде өз эмоцияларын білдіру шамасын көрсетеді. ең алдымен оқушылардың психологиясын терең біліп, түсінуге негізделеді. Мұғалім сахнадағы актёр сияқты әрқашан көз алдында жүреді. Қарым – қатынас тұрғысынан педагогтық әдеп мұғалімнің жан – жақтылығын, идеялық сенімінің, жүріс – тұрыс мәдениетінің, арнаулы білімінің, мамандығына байланысты ізденіс жемістерінің қоры, яғни ақыл – ойының көрінісі. Әр бір оқытушының дара ерекшеліктеріне бағынбастан педагогты әдепті дамытуға септігін тигізетін жекелеген психологиялық және педагогикалық бірнеше жайыттарды бөліп көрсетуге болады.

**Байқағыштық.** Байқағыш мұғалім шәкірттерінің ішкі әлеміне терең үңіліп көңіл бөлу.Ол өзі қалай жақсы түсіндірсе солай тыңдай біледі."

**Сенім** Педагогтық әдеп білімгерлерге сенім арта білу қабілетінде камтиды. Сенім арту тәлім -тәрбие жұмысы принциптерінің бірі болып есептеледі.Білімгерлерді өз шамалары мен мүмкіншіліктеріне деген саналы сенімге тәрбиелеу яғни сенімін қолдап күшейту отыру керек.Сенім дегеніміз істеген істің көрінісі.

**Әділдік** Әділ мұғалімнің – оқушылар кейбір ресімшілдігін тіпті жаман қасиеттерін де кешіре алады. Әділ болғанмен бірге әдебі мол көңілі жайдарлы болса,беделді болады.Тек әділ қарап қоймай сонымен бірге өз ісінің дұрыстығына сендіре білуі керек.Әділетсіздік болған жағдайда көңілдері қалып, аралары салқындай түседі.

Сканировано с CamScanner

Шамалы уақыт ішінде білімгер екірет сабаққа дайындықсыз келді.Ұстаз сен еш нәрсеге де қабілетті емессің т.б.

Мұнда әдеп мәселесіне әділетсіздікке жол берді. Әділдік көбінесе бақылау, тест т.б. жұмыстарында орын алып жатады. Себебі бір – бірінен көшіру жағдайлары болады. Сондықтан бағаның дұрыс болғаны қажет кей жағдайда қателік болады.

Сол кезде не істеуге болады?

**Төзім және сабыр сақтау** Қиын жағдайда ұстазға ықпал ететін жақсы тәсіл сабыр мен төзімділік. Ашу үстінде ешқандай шешім қабылдауға болмайды әр — бір баланың жас шамасына денсаулық ерекшеліктеріне ерекше мән беру қажет.

Педагогтық әдеп адаммен бірге туатын нәрсе емес, ол жүре бара пайда болады яғни бұл ұстаздың тұрақты творчествасы.

Өзін –өзі ұстай білушілік қасиеттер ұстаздың белсенді құралы болуы керек. Жас мұғалімдер кейде ыңғайсыз жағдайда қалады .Ондай жағдайда асығыс шешім қабылдамау үшін: "мен сенімен жеке әңгімелесем, сабақтан соң қал т.б."

**Педагогтық талант** ."Талант" деген сөздің мағынасы шексіз кез келген адамға шынайы көмек көрсетсе және ол өз тарапынан шын ықылас білдіріп беріле жұмыс істесе нағыз шебер бола алады. күйлерін қабақтарынан әр – қайсысының мінез құлық ерекшеліктерімен санаса біледі. Мұның бәрі олардың тілін табуға, сезімдері мен ойларына өзіндей қуанып,күйінін қабылдауына мүмкіндік береді.

Соңғы партада білімгер сізді тыңдамай терезеге қарап ойланып қалған делік. Сіз не істер едіңіз?

Ұқыпты сабақты жақсы оқитын қыз бала бірінші рет үй тапсырмасын орындамай келді.Сіз ...

**Ілтипаттылық** Дауыс көтеру, жазықсыз жазғыру, әділ қойылмаған баға, өтініштер жүрдім- бардым тыңдаса да оқушылардың көңіліне келеді Сондықтан өзіне назар аудару үшін әдейі тәртіп бұзуы мүмкін, қандайда болмасын оқытушылар тарапынан білімгерлерге ілтипат болмаса араларында түсінбестік болады.

Білімгерлерден алынған сауалнамалардан мынадай жауаптар көп болды "Әңгімелескенде сені жан тәнімен тыңдайды, оны сол үшін Мұғалім шеберлігі дегеніміз өз пәнін, оқыту методикасын, инновациялық жаңа технологияларды терең меңгерген, саяси сауатты, идея жағынан сенімді, мәдениеті жоғары, жанасарлас ғылымдарының деректерін, күнделікті ақпараттарды, әдебиет пен өнерді жақсы меңгерген, педагогтық әдепті және педагогтық техниканы сақтауын айтамыз. Педагогикалық техникаға дауысты ұстай білу өнері, сыңай білдіру, көз тастау өнері т.б.Сонымен бірге эстетика жағынан көрікті яғни киімі,тазалығы т.б. Қорыта келгенде ұлы гуманист Ибн Синаның адам бойынан мынандай қасиеттердің болуын оқу тәрбиелен іздейді. Бұл оның ағартушылық көзқарасын танытады.

Сканировано с CamScanner

**№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектепте жас мамандармен кеңес өткізу сәтінен көріністер**





Сканировано с CamScanner